ШАҒЫМ
Мемлекеттік сатып алу заңнамасының бұзылуы туралы

Мемлекеттік сатып алу нәтижелерінің
шешіміне шағымданатын заңды тұлға:
«Жамбыл ауданының ішкі саясат бөлімі»
мемлекеттік мекемесі
БСН 101240003659
Алматы облысы, Ұзынағаш ауылы, Абай көшесі, 47 үй

Шағымданушы:
«Адам және қоғам» мемлекеттік емес ұйымы»
қоғамдық бірлестігі
БСН 081040016121
Алматы қаласы, Думан-2, 57/1, 92 п.

Сатып алу конкурсы туралы мәліметтер

Конкурс нөмірі: **16388058-1**
Лот нөмірі: **84771537-ГС32**
Конкурс атауы: **Жамбыл ауданының тұрғындары арасында халық бірлігін, қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті сақтау және нығайту, үйлесімді тіл саясатын (мемлекеттік тілді) ілгерілету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу**

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру аясындағы іс-шараларды ұйымдастыру/өткізу бойынша қызметтер
Мемлекеттік сатып алу нәтижелерінің хаттамасы: № **17150542**, 05.03.2026 ж.

Қазақстан Республикасының **«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47-бабына** сәйкес әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу рәсімдері барысында қабылданған шешімдерге, егер бұл шешімдер оның құқықтары мен заңды мүдделерін бұзады деп есептесе, шағымдануға құқылы.
Осыған байланысты, жоғарыда көрсетілген конкурс нәтижелерін талдау барысында мемлекеттік сатып алу заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін бірқатар мән-жайлар анықталды.
Атап айтқанда, **"YERKIN" Өнер Академиясы" ЖҚБ** конкурсқа берген өтінімін талдау барысында аталған әлеуетті өнім берушіге **«Жоба жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырылған жағдайда – үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі»** критерийі бойынша балдардың негізсіз жоғары қойылғаны анықталды.
Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің **2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына** сәйкес конкурс комиссиясы әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін **тек ұсынылған құжаттардың негізінде және бағалау критерийлеріне қатаң сәйкестікте бағалауға міндетті.**
Алайда конкурс комиссиясы **"YERKIN" Өнер Академиясы" ЖҚБ-ның** ұсынылған құжаттарымен расталмаған жұмыс тәжірибесі үшін жоғары балл беру арқылы бағалау критерийлерін қолдану тәртібін сақтамаған деп есептейміз.
Осы критерий бойынша аталған ұйымның өтінімі **6 (алты) балмен бағаланған**, бұл «Әлеуетті өнім берушінің көрсетілген аумақта (бұл жағдайда — Алматы

облысы, Жамбыл ауданы) әлеуметтік жобаларды іске асыру тәжірибесі бес жылдан артық» деген анықтамаға сәйкес келеді.
Алайда **"YERKIN" Өнер Академиясы" ЖҚБ-ның** конкурсқа берген өтінімінің **12-қосымшасының 6-тармағында** көрсетілген мәліметтерге сәйкес, аталған әлеуетті өнім берушінің **жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырылған жобалар бойынша тәжірибесі жоқ екендігі көрінеді.**
Осыған сәйкес, конкурс жеңімпазы ретінде айқындалған әлеуетті өнім берушінің өтініміне берілетін әділ және заңды баға қазіргі **6 (алты) балдың орнына 0 (нөл) балды** құрауы тиіс еді.
Жоғарыда келтірілген фактілер мен нақты дәлелдерді ескере отырып, конкурс қорытындыларын қайта қарауды және әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа берген өтінімдеріне ұсынылған құжаттарға сәйкес **объективті және заңды баға беруді**, атап айтқанда:
"YERKIN" Өнер Академиясы" ЖҚБ үшін «Жоба жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырылған жағдайда – үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі» критерийі бойынша балдарды **6 балдан 0 балға дейін төмендетуді** сұраймыз.
Біздің болжамымыз бойынша, аталған әлеуетті өнім берушінің өтінімінің **объективті қорытынды бағасы 18 балды** құрауы тиіс.

«Адам және қоғам» ҮЕҰ ҚБ директоры Нұрғалиева Г.Т.
электрондық қол қойылған

Толтырылған күні: **07.03.2026 жыл**